

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 маусымдағы N 594

1998 жылғы мамырда Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданында болған табиғи зілзаланың зардаптарын жою мақсатында, сондай-ақ зардап шеккен халыққа көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыру көзделген қаражаттың есебінен Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне Қазығұрт ауданындағы нөсер жауыннан, сел тасқынданан және көшкіннен болған төтенше жағдайдың зардаптарын жоюға байланысты шығындарды өтеуге, сондай-ақ халыққа көмек көрсету үшін 50 (елу) млн. теңге бөлінсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі 1998 жылдың II тоқсанының

корытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне төтенше жағдайлар бойынша орындалған жұмыстардың көлемдері мен құны туралы баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі